Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№4 (1363)
27 мамыр
2008 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



*Құттықтау*

**Б.Т.ЖҰМАҒҰЛОВ,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры**

Құрметті әріптестер мен студенттер!

Мамыржай мамыр айы мерекеге толы мерейлі шақ. Алғашқы күндерінен-ақ мазмұн мен мағына үйлесіп, ерекше көңіл күйге бөлейтін мерзім. Осы орайда Сіздерді мамырдың беташары Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтаймын! Қазақта "Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын" деген қасиетті ұғым бар. Сондықтан бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, Отанымыздың гүлденіп көркеюі үшін қызмет етейік. "Тар жерде табысқан, кең жерде келіседі" деген халқымыздың даналығы талай тарих белесінен өткен Қазақстан халқының бүгінгі бейбіт тірлігінің дәлеліндей. Ендеше сол қол жеткен жетістігімізді бағалай білейік. Кешегі қиын қыстау кезеңде, соғыс өрті тұтанған шақта елдегі бейбітшілікті сақтап қалғанымыз да сол аталарымыз бен апаларымыздың асқан ерлігі мен батырлығы, жұдырықтай жұмылған тұтастығының арқасы еді. Сондықтан да, 9-мамыр Жеңіс күні еңбектеген баладан еңкейген кәрі үшін тебіреніске толы күн. Ардақты ардагерлерімізді қадір тұтып, қастерлеуді ешқашан ұмытпайық. Бұл әсіресе жоғары білім жолында жүргендердің санасында сайрап жатар сара жол болуы керек. Себебі, нағыз білімді адам өткенінен өнеге ала білген, үлкенге ізетпен, кішіге құрметпен қарай білетін жан. Мен қасиеті қара шаңырағымызда дәл осындай ұрпақ өсіп келеді деп сенім артамын. Өйткені, бізде білім мен тәрбиеге үлкен мән беріледі. Биыл алпыс жылдың белесін бағындырған "Қазақ университеті" газеті де осы мақсатта қызмет етуде. Университетіміздің тынысын тілге тиек етіп, жеткен жетістіктерімізбен бөлісіп келе жатқан басылымды 60 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Қара шаңырағымыздың көзі құлағы һәм тілі болған газетке шығармашылық табыстар тілеймін. Сапалы маман даярлаудағы еңбектеріңіз жемісті болсын. Қашанда жүздеріңізден мейірім, көңілдеріңізден қуаныш кетпесін, ағайын!

# БОЛАШАҚҚА ҚАНАТТАНДЫРҒАН СЪЕЗД!!!

**Үстіміздегі жылы 14 мамырда Астана қаласындағы Конгресс-холда "Нұр Отан" ХДП "Жас Отан" Жастар қанатының тұңғыш съезі өтті. Съезд "Жас Отан" Жастар қанатына жастар саясатын жүргізудің жаңа бағыты мен міндеттерін жүктеді. Съезд жұмысына Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» ХДП көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысып, сөз сөйледі. Онда Президент кеңесшісі, партия Төрағасының бірінші орынбасары Әділбек Жақсыбеков, ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұлов, ҚР Парламенті сенатының және мәжілісінің депутаттары, ҚР Үкіметінің өкілдері, еліміздің жастар ұйымдарының көшбасшылары болды. Сонымен қатар, құрылтайға шетелдік қонақтар да қатысты. Олардың арасында «Молодая Гвардия Единой России», Қытай коммунистік партиясы мен Тәжікстан халықтық- демократиялық партиясының өкілдері бар.**




Жас Отанның тұңғыш съезі болатындығын естігеннен бері әр белсенді жастың көкейінде ол құрылтай жастарға қандай тың бастамаларға жол ашар екен деген сауалдар самсап жатты. 12 мамыр күні сағат 12.00-де Алматы теміржол вокзалынан Астанаға бет алған 35 делегат өз орындарымызға жайғастық. Біздің университеттен "Сұңқар" студенттер кәсіподағының төрағасы, заң факультетінің 1-курс магистранты Ғалымжан Серім және мен. Алматы делегаттары жөнінен ең көп аймақ болды. Олардың ішінде қаламыздағы ұлттық университеттердің белсенді студенттері, өнерлі жастарымыз, жастар ісі жөніндегі комитет төрағалары бар. Күннің ыстықтығы мен вагон ішіндегі қапырыққа қарамастан, делегаттардың түгелі пойызға отыра салысымен жастар саясатындағы күтілетін өзгерістер туралы, біреулері өз болжамдарын, енді біреулері жастар мәселелері туралы салқынқанды пікірлерін алға тартып жатты. Барлығының күтетіні "Елбасының және мемлекетіміздің жастар саясатындағы ортақ дәнекер көпір саналатын ұйым "Жас Отан" бола ала ма, оған съезд қандай міндеттер жүктемек, ендігі жастар бағыты қандай болмақ?" деген сұрақтардың жауабы. Басты атап өтер жайт съезге Елбасының тікелей қатысуының өзі де жастарға басымдықтар жүктеді.

13 мамыр күні сағат таңғы 9.00-де біздің пойызымыз елордамыз Астанаға табан тіреді. Сол күні "Нұр Отан" халықтық-демократиялық партиясының орталық аппаратында "Жастар саясатының ТМД елдері мен шет мемлекеттеріндегі көрінісі" атты шетелден келген қонақтардың қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Ол іс-шарада "Қазақстандағы жастардың жұмысқа орналасуының негізгі тетіктері" атты баяндама жасадым.

Мемлекеттің негізгі потенциалы мен болашағы – жастар. Жастар қашанда өз белсенділігімен мемлекеттің жүргізетін бүкіл саясатына елеулі үлес қосып отырады. Қазақстан Республикасының сатистика жөніндегі Агенттігінің 2008 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтері бойынша, жасы 14-тен 29-ға дейінгі жастардың саны 4 569 885 адамды немесе республика халқының жалпы санының 29 пайызын құрайды.

Жалпы жастар санының 57 пайызын қала тұрғындары құрайды. **Жастардың ауылдық жерлерден қалаға көшуі арта түсуде.** Осының салдарынан қалаларда жастар арасындағы жұмыссыздық, маргиналдану мен қылмысқа байланысты мәселелер асқынып келеді. Жастар арасындағы осы үрдіс басқа жастағы топтарға қарағанда басымырақ. Бұл ауылға қарағанда қала өмірінің сапасы айтарлықтай жақсы болуына байланысты. Қалалық өмір салты жастар үшін өз сұраныстары мен мүддесін іске асыру үшін мол мүмкіндіктер береді.

**Жастардың экономикалық белсенділігінің** деңгейі 52,2 пайыз. **Бұл жалпы көрсеткіштен 18,4 пайыз төмен.** Жастар арасындағы жұмыссыздық ел бойынша жұмыссыздықтың жалпы деңгейінен 1,3 пайыз артық. Бұл жастардың жергілікті еңбек нарығындағы сұраныстары мен ұсыныстарының және ішкі аймақтық еңбек көші-қонының пропорциясыздығының салдары. Жастар білімінің аздығынан немесе біліктілігінің болмауына байланысты жұмысқа орналаса бермейді.

*(Жалғасы 3-бетте)*

БҮГІНГІ санда:

Ардагерлерге құрмет ұрпақ еншісінде
2-бет



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2008 жылы азаматтарды жоғары кәсіптік білімнің мына мамандықтарына қабылдайды
4-бет



Кафедре физического воспитания и спорта – 60 лет
7-бет



■ *Тағылым*

# Ардагерлерге құрмет ұрпақ еншісінде

*7 мамыр күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жыл сайынғы дәстүр бойынша Жеңіс күні қарсаңында соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған салтанатты дастархан жайып, концерттік бағдарлама ұсынды. Халқы үшін қам жеген, от пен суға оранған қайсар азаматтарымыздың жанкештілігі, асқан ерлігі туралы сыр шертті.*



Сол қиын-қыстау кезеңде Қазақстаннан аттанған 1 млн 700 мың адам қасарысқан дұшпанмен айқасып, кеудесін оққа төсеген. КСРО бойынша XX ғасырдың алапат жойқын соғысында 20 млн-нан астам боздақтың өмірі қыршынан қиылғанын ескерсек, бейбітшілік үшін жан қия күресіп, туған елінің бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалған Отанымыздан кеткен боздақтарымыздың ішінен 700 мың қайсар рух иесі елімізге оралды. Қазіргі күні елімізде 30 мыңнан астам Отан соғысының ардагерлері қалған. Ұлы Отан соғысында қиыншылық кезеңді бастан өткеріп, асқан ерлік пен өрліктің жолын бағындыру кез-келгенге оңай шаруа болмағандығы ақиқат. Тарих беттерінде "Ұлы Отан соғысы" деген атпен қашалып жазылған кешегі күн бір сәтте болса өткен күннен белгі береді. Міне бүгін де, Ұлы жеңіске жарты ғасырға жуық уақыт толса да көз көрген, Отан үшін от кешкен жауынгерлерді, тылда еңбек еткен қайсар аналарды, толқынтолқын ұрпақтары ешқашан ұмытпақ емес. Осыған ұйымдастырылған мәдени шарада біршама көз жеткізгендей болдық. Университетте бүгінгі күні 126 соғыс және еңбек ардагері, ауған соғысына қатысушылар, университетке еңбегі сіңген қайраткерлер де бар. Университет басшылығы "Үлкенге құрмет, кішіге ізет" көрсетуді ұстанып, өз ардагерлеріне әрқашан ізгі ниет білдіріп, материалдық жағынан қолдау көрсетіп отыруды әдетке айналдырған.

Ардагерлерге арналған салтанатты жиынды университет ректоры Б.Т.Жұмағұлов кіріспе сөзбен ашып, ел ағаларын мерейлі мерекесімен құттықтады. Содан кейін ардагерлер атынан академик, еңбек ардагері Я.А.Әубәкіров, профессор, еңбек ардагері Ә.Ыдырысов, еңбек және университет ардагері В.Х.Ни, профессор, еңбек ардагері С.С.Сартаев секілді басқа да құрметті азаматтар сөз алып, көпшілікпен ортақ ой бөлісті. Жеңіс туын жықпай, желбірете көтерген аталарымыз бен соғыс нәубатын көрген әжелеріміздің айтар ойы тыңдар құлақ болса әрине көп-ақ. Мерекеге жайылған ақ дастархан ардагерлердің бір-бірімен еркін пікір алысып, көңілді тарқасуына қарастырылған үлкен құрметтіліктің белгісі болып көрінді.

**Жанат ҚАСЫМБЕКОВА**

*5 мая 2008 года в КазНУ им. аль-Фараби состоялся круглый стол с участием депутатов Мажилиса Парламента РК, ряда религиозных и общественных деятелей, представителей государственных органов, международных организаций по вопросам совершенствования законодательства о свободе вероисповедания и религиозных объединениях.*

# КРУГЛЫЙ СТОЛ с участием депутатов



В связи с обращениями граждан к депутатам Парламента РК 2 апреля Мажилис Парламента принял в работу проект закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в законодательство Республики Казахстан по вопросам свободы вероисповедания и религиозных объединений», инициаторами которых выступили 6 депутатов Мажилиса и 2 депутата Сената. На круглом столе состоялся презентация проекта закона.

Как определили депутаты, проект закона необходим для защиты прав человека, упорядочивания деятельности религиозных объединений, восполнения законодательных пробелов.

С участниками круглого стола также встретились: Заместитель Председателя Мажилиса Парламента РК С.А Дьяченко., депутаты К.Н Бурханов., А.А Тлеубердин., С.Н Баймаганбетов., Р.Ж Мукашев., Г.И Исимбаева., С.К Конакбаев., Н.Н Турецкий., Д.В Клебанова., Е.О Рахметов., А.Б Самакова., У Калижанов.

Свое мнение по совершенствованию законодательства высказали:

- один из авторов Конституции Республики Казахстан, Директор института государства и права **Сапаргалиев Гайрат Сапаргалиевич**. Он указывает, что свобода вероисповедания одного лица означает обязанность других уважать это право, в связи с чем действительно необходимо запретить деятельность организаций, которые используют принуждение в отношении своих последователей;

- руководитель Центра оказания помощи пострадавшим от деструктивных религиозных течений **Денисенко Юлия Олеговна**, которая отметила, что использование методов психологического насилия в ряде религиозных объединений приводит к межконфессиональным конфликтам, расколу семей и другим негативным явлениям;

- известный теолог **Муртаза Булутай**, определивший увеличивающуся опасность, которая исходит от а тисоциальной деятельности тоталитарных организаций, в связи с чем деятельность таких организаций недопустима в демократическом обществе;

- доктор философских наук, профессор **Аюпов Нығмет Глажданович**, заявивший, что совершенствование законодательства о свободе вероисповедания давно назрело, о чем неоднократно говорили религиозные лидеры и эксперты.

**Соб. корр.**

■ *Біліктілік*

# Білім мазмұны және бәсекеге қабілетті маман

*2008 жылдың 16 мамыры күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мақсатында жоғарғы кәсіптік білім беру мазмұнын жетілдіру» тақырыбында мәжіліс өтті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары мамандықтары секциясының кезекті мәжілісінде еліміздің беделді мемлекеттік жоғары оқу орындарының проректорлары бас қосты.*



ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену жөніндегі жүктеген міндеті қазақстандық білім берудің де бәсекеге қабілеттілігін талап етеді. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің маңызының артуы, жоғарғы мектеп қызметін әлеуметтік институт ретінде белсенді ету, жоғарғы кәсіби білім берудің мазмұнын, оқытудың әдістері мен формаларын жетілдіру соңғы кездердегі мамандардың, педагогтар мен білім менеджерлерінің жіті назарындағы мәселелер.

Білім беру мен жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін қалай бағалауға болады? Мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалай бағалаймыз? Өнімді кәсіби қызметке дайын және отандық, шетелдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау үшін білім берудің мазмұны қалай болуы керек, білім беру және оқу бағдарламалары, оқу пәндері, оқулықтар, т.б. қандай талаптар үдесінен шыға білуі тиіс?

Осы мәселелер аталған мәжілісте жан-жақты талқыланды.

Мәжілісіне Қазақстанның барлық 20-ға жуық мемлекеттік университетінің бірінші, оқу және оқу-әдістемелік жөніндегі проректорлары қатысты. Сонымен қатар, РӘОК мәжілісінде өзекті тақырып ретінде талқыланып жүрген РӘОК секциясына гриф тағайындау ережелері, оқулықтарымен оқу құралдарына Білім және Ғылым министрлігі грифін белгілеуге ұсыныстар мәселесі қарастырылды.

**Өз тілшімізден**

■ *Сүйінші*

# Қытай тарихына саяхат

*«Қазақ университеті» баспасынан белгілі қытайтанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Алдабек Нұржамал Әбдіразаққызының «Қытай тарихы» атты оқулығы жарық көрді. Оқулықты ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен.*

Қазіргі Қытайдың саяси-экономикалық өрлеуі мен демографиялық өсімі турасында айтар болсақ, ол өзінің державалық құдіретін барған сайын үдете түсуде. Қазақ елі аталған көршісімен әрқашан бейбіт жағдайда өмір сүру керек екендігін жақсы түсінеді. Сондықтан, осындай татулықты жалғастыруда көршілес елдің тарихын оқып білу, мәдениетін тану - қазіргі заман талабы. Аталмыш оқулықтың құндылығы — Қытайдың ежелгі және орта ғасыр тарихының қазақ тілінде тұңғыш рет жүйелі түрде жазылғандығында. Бұл оқулық — шығыстанушы-синологтарға, жалпы тарих, Азия және Африка елдері тарихы, сондай-ақ, Қытай тарихын оқып үйренушілерге таптырмас құнды еңбек болмақ.

**Жеңісбек Әбілдаев,
шығыстанушы.**

# Экономика ана тілімізде сөйлей бастады




*Жуырда ҚазҰУ-дың экономика және бизнес факультетінде "Экономика. Әлемдік классика" кітабының 10 томы осы саланың оқытушылары мен студенттеріне кеңінен таныстырылып, оқулықты орыс тілінен аударған ғалымдармен кездесу өткізілді.*

Экономика және бизнес факультетінің ұстаздары Я.Ә.Әубәкіров, Е.Б.Жатқанбаев, Р.Е.Елемесов, С.М.Төлегенова, М.Қ.Байгісиев сынды ғалымдардың атаулы кітапқа сіңірген еңбегі орасан зор. "Мәдени мұра" бағдарламасының қолдауымен жарық көрген экономика саласының 10 томдық жинағы қазақ елінің әр уақыттағы экономикалық даму процестерін қамтыған. Мәселен, Ақсақ Темірдің мемлекет және үй шаруашылығын жүргізу, оларды әділетті басқару қабілеті, кәсіпкерлік, салық мәселелері жайлы айтқан құнды пікірлері орын алса, Ежелгі Қытай ойшылдары, Ксенофонт, әл-Фараби, әл-Бируни, Асан қайғылардың бұл сала төңірегіндегі айтқан ережелері де осы кітапқа енген. Тағы бір ерекшелік шетелдік экономистер Т.Веблен, Дж.Гэлбрейт, Г.Мюрдель тағы басқа өкілдерінің еңбектері де қазақ тіліне аударылған екен.

**Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**

■ *Құрылтай*

# БОЛАШАҚҚА ҚАНАТТАНДЫРҒАН СЪЕЗД!!!




**Жас кадрлардың төмен жалақылық үрдісі тұрақты сақталып келеді.** Жұмыс істейтін жастардың 21,5 пайызының табыс деңгейі ең төменгі күн көріс деңгейінен төмен; жастардың 41,5 пайызының айлық табысы ортақ жалақы көрсеткішінен төмен. Қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындарының кедейлік деңгейі өсуде. 2007 жылдың аяғында ауыл халқының кедейлік деңгейі 21,2 пайызды құраса, қалада – 5,5 пайыз құрады.

**Еңбек нарығында білікті жұмысшылар жеткіліксіз:** құрылыста – 9,9 мың адам, ауыл шаруашылығында – 9,6 мың, машина және жабдықтар технологиясында – 7,6 мың, қызмет көрсету саласында – 6,8 мың адам жетпейді. Жыл сайын 12-14 мың мектеп түлегі жұмыссыз қалуына карамастан, экономика техникалық және қызмет көрсету саласында қосымша 100 мың жұмысшыны талап етеді.

Техникалық және кәсіби білім беру жүйесі еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің сұранысына емес, оқытушылар мен оқыту – материалдық базаның ағымдағы мүмкіндіктеріне бағытталған. Нәтижесінде кадрларды дайындау өндірістің шын мәніндегі сұранысын ескермей жүзеге асырылуда.

Съезге келген Ресей Федерациясы "Молодая гвардия Единой России" ұйымынан келген Мемлекеттік дума депутаты, әріптесім Татьяна Воронова "ТМД елдеріндегі, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы" саяси сараптамалық зерттеу жұмысын жүргізу үстінде екен. Ал мен өз кезегімде "ТМД елдеріндегі жастар саясатына салыстырмалы саяси сараптама" ретінде ғылыми еңбек жазып жүрген болатынмын. Осы орайда екеуміз көптеген сұрақтарымызға нақты жауаптар ала отырып, әр елдің артықшылықтары мен кемшін тұстарына тоқталдық. Депутат Т.Воронова өз сөзінде еліміздегі жүргізіліп отырған жастар саясаты ТМД мемлекеттеріндегі елдермен салыстырғанда әлдеқайда көш ілгері екендігіне таңданғандығын, жасалған іс-шаралардан жақсы әсерде екендігін жасыра алмады. Осы тұрғыда Елбасымыздың жастарға деген асқан қамқорлығына ризашылық білдірді.

14 мамыр сағат 11.00-де Конгресс-холл ғимаратында съезд салтанатты түрде өз жұмысын бастады. Съезге ел Президенті Н.Ә.Назарбаев, ҚазҰУ ректоры Б.Т.Жұмағұлов, министрлер мен депутаттар қатысты. Үш сағатқа созылған жиында жиналған жастар қайта-қайта шапалақ ұрып, өте белсенді түрде азаматтық ұстаным танытты. Баяндамашылар: "Нұр



Отан" халықтық-демократиялық партиясы, "Жас Отан" Жастар қанаты жастар саясаты департаментінің директоры Н.Өтешев, ҚР Парламент мәжілісінің депутаты Б.Сыздықова, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті тәрбие ісі жөніндегі проректорының орынбасары, әріптес-құрбым Әлия Сапарова жастар көкейіндегі ізгі ойлар мен өзекті мәселелерді нақты талдап берді. Мысалы "Мемлекеттік жастар саясаты" деген ұғымды "Жалпыұлттық жастар саясаты" ұғымымен ауыстыру, агроөнеркәсіп саласындағы жастар мәселесі, патриоттық тәрбиені насихаттау, жұмыссыз жастардың жай-күйі, студенттерге кешенді патриоттық тәрбиені насихаттау т.б. толық жеткізілді. Жастар тарапынан Елбасыға Астананы көшірудегі тарихи мықты қадам жасалғандығы үшін алғыстар айтылды. Сонымен қатар, Президентіміздің еңбек жолын бастағанына 50 жыл толғандығы туралы, осы 50 жылдағы тұлғаның еңбексүйгіштігі мен мақсаткерлігі арқасындағы жастарға үлгі боғандығы, әлемге танымал ірі саяси қайраткер екендігі секілді оның әлем мойындаған тұлғалық қасиеттері де сөз болды.

Елбасы баяндамасынан жастар саясатына қырағы көңіл бөлетіндігі, жастарды ерекше жан-тәнімен ізеттейтіндігі көрініс тапты. Магистрлік шәкіртақы көлемін 3 есеге көбейткендігі еліміздегі ғылыми элиталы мамандар даярлау ісін жіті қадағалайтындығын көрсетті. **"Ертеңгі күні қадірлі Қазақстаным деген қасиетті ұғым әрқайсысыңыздың кеуделеріңізде атой салып жатуы тиіс. Тәуелсіздіктің қыран қанат көк Туын әлемнің әр түкпірінде жүрсеңіздер де шырқау биікте ұстап өтулеріңіз парыз. Қанмен жазылған, арманмен әдептілген, күреспен көмкерілген, болашақпен баянын табар Тәуелсіздік шежіресін сіздердің қуатты қолдарыңызға табыстамақпыз. Бұл – ұлы сенім!"** - деп өз сөзін аяқтады Нұрсұлтан Әбішұлы. Рухымызды асқақтатқан да осы сөз десем қателеспеймін.

Осы орайда біздің бабаларымыз жас кезінде қандай болды деп ізденсек, мақтанарлық мысалдар келтіруге болады: жазушы Мұхтар Әуезов 20 жасында "Еңлік-Кебек" пьесасын жазып, 21 жасында жалпы қазақ жастарының Омбы қаласында өткен құрылтайында атқару комитетінің мүшесі болып, отыз жасында "Әдебиет тарихы" монографиясын кітап етіп жариялады. Ал Шоқан Уалиханов 23-25 жасында әйгілі "Манас" дастанын қағазға түсіріп, 25 жасымда ғалыммын деп кеуде соғып жүргендердің кез келгені қабылдана бермейтін орыс Географиялық қоғамына мүшелікке алынады. Саттар Ерубаев баржоғы 23 жыл өмір сүріп, Ленинградтағы тарих, философия және лингвистика институтына 16 жасында түсіп, оны 19 жасында бітіріп, 20-21 жасында ҚазПИ-де қазақ әдебиеті кафедрасының доценті атанып, 23 жасында "Менің құрдастарымды" жазған. Бауыржан Момышұлы "Жиырма жас – нағыз тарихи ерліктер жасайтын кез" деген екен. Қазақ жастарының алдында үлгі тұтар өнеге көп. Ал Президентіміз өз алдына бір төбе. Съезд соңында "Жас Отан" жастар қанатының Жарғысы қабылданып, оның басшылық етуші жоғары органы болып съезд, жалпы басшылық етуші орган Орталық Кеңес болатындығы анықталды. Орталық Кеңес атқарушы хатшыдан және мүшелерінен тұрады. Атқарушы хатшысы болып, Н.Өтешев және 46 белсенді жас азамат орталық кеңестің құрамына 2 жыл мерзімге сайланды, олардың арасында өзім де бармын.

**P.S.**

***Алматыға келген бойда университет ректорымен съезд жұмысы туралы пікір алмасып, Елбасы саясатын жастарға насихаттау бағытында қызу жұмысымызды бастап та кеттік!***

**Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА,**
**философия және саясаттану факультетінің 2-курс магистранты, "Нұр отан" ХДП "Жас Отан" ЖҚ Орталық Кеңесінің мүшесі**
АЛМАТЫ–АСТАНА–АЛМАТЫ

■ *Қабілеттілік*

# ҚазҰУ жастары Елбасы саясатын қолдайды

***Жақында Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Жас Отан» жастар қанатының алғашқы съезінде жастар саясатын жүргізудің жаңа бағыты мен міндеттерін белгілеген болатын. Президент өз сөзінде: "Жас Отан" жастарды әлеуметтендірудің, жас ұрпақтың бойында прогресшіл түсініктер мен осы заманғы құндылықтарды қалыптастырудың басты тетіктерінің бірі бола отырып, өз мойнына жалпы ұлттық сипаттағы өте маңызды мақсаттарды алатынына терең сенімдемін,"-деген еді. Осыған байланысты, 19 мамыр күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде "Нұр Отан" халықтық-демократиялық партиясы "Жас Отан" Жастар қанатының "ҚазҰУ жастары – Еңбек! Білім! Сенім! Өрлеу жолында!" атты конференциясы өтті.***



Бұл конференцияның мақсаты - "Нұр Отан" халықтық-демократиялық партиясының төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың "Жас Отан" Жастар қанатының І съезінде атап өткен басымдықтарды насихаттау арқылы университет студенттерінің бойына отансүйгіштік қасиетті дарыту, қоғамдық өмірдегі белсенділігін арттырып, берік саяси көзқарастарын орнықтыру болып табылады. Конференция жұмысына "Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасының төрағасы Азат Перуашев, "Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасының Алматы қалалық өкілдігінің төрайымы Светлана Идрисова, "Нұр Отан" ХДП Алматы қалалық филиалының төраға орынбасары Ақылбек Желдібаев, Алматы қалалық жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры, Алматы қалалық "Жас Отан" Жастар қанатының төрағасы, Орталық кеңес мүшесі Нұрбол Баймұханов, қалалық жастар ұйымдарының белсенділері, танымал әншілер қатысты.

Жиналғандар алдында сөз алған "Атамекен" Одағы" Қазақстан ұлттық экономикалық палатасының төрағасы Азат Перуашев Елбасының бүгінгі жастарға жүктеп отырған міндеттерін саралай келе, еліміздің білімі мен ғылымын дамыту, бизнес саласын өркендету үшін жастарға жасалған мүмкіншіліктердің молдығын атап өтті. Жастарымызды басқаға қолын созатын «тәуелділік» санадан арылып, әркімнің өз күш-жігеріне, қабілетіне бағытталған еңбек етуге шақырды. Сонымен қатар Азат Перуашев еліміздегі жоғарғы оқу орындарының көшбасшысы - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік оқитын, қоғамдық жұмыстарда белсенді 5 студентіне стипендия тағайындау туралы мәселе қарастырылуда екендігін жеткізді. Мұны университет студенттері қуанышпен қарсы алды. Содан кейін сөз алған Алматы қалалық жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының директоры, Алматы қалалық "Жас Отан" Жастар қанатының төрағасы, Орталық кеңес мүшесі Нұрбол Баймұханов Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің өз атына лайық болып, барлық жастарға үлгі-өнеге болу керектігін жеткізді.

Келген қонақтар сөз сөйлеп, студенттермен және жиналған қауыммен пікір алмасып, студенттердің еліміздегі жүргізіліп жатқан жастар саясаты туралы қойған сұрақтарына жауап берді.

Жиын соңында "Жас Отан" Жастар қанатының І съезд қорытындылары бойынша ҚазҰУ студенттері ел болашағын жарқын етуге байланысты 4 тармақтан тұратын үндеу қабылдады.

# Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2008 жылы азаматтарды жоғары кәсіптік білімнің мына мамандықтарына қабылдайды

## 1.Күндізгі оқу бөлімі

*а) орта білім негізінде*

| Коды | Мамандық атауы | оқу мерзімі | 4-тест пәні | бейіндік пән |
|---|---|---|---|---|
| | **Механика-математика факультеті** | | | |
| 050601 | Математика | 4 | Физика | Математика |
| 050602 | Информатика | 4 | Физика | Математика |
| 050603 | Механика | 4 | Физика | Математика |
| 050703 | Ақпараттық жүйелер | 4 | Физика | Математика |
| 050705 | Математикалық және компьютерлік моделдеу | 4 | Физика | Математика |
| | **Физика факультеті** | | | |
| 050604 | Физика | 4 | Физика | Физика |
| 050605 | Ядерлік физика | 4 | Физика | Физика |
| 050611 | Астрономия | 4 | Физика | Физика |
| 050710 | Материалтану мен жаңа материалдар технологиясы | 4 | Физика | Физика |
| 050723 | Техникалық физика | 4 | Физика | Физика |
| 050732 | Стандарттау, метрология және сертификаттау | 4 | Физика | Математика |
| | **Биология факультеті** | | | |
| 050113 | Биология | 4 | Биология | Биология |
| 050108 | Денешынықтыру және спорт | 4 | 2 арнайы емтихан | 1-ші арнайы емтихан |
| 050607 | Биология | 4 | Биология | Биология |
| 050608 | Экология | 4 | Биология | Биология |
| 050701 | Биотехнология | 4 | Биология | Биология |
| 050804 | Балық шаруашылығы | 4 | Биология | Биология |
| | **Химия факультеті** | | | |
| 050112 | Химия | 4 | Химия | Химия |
| 050606 | Химия | 4 | Химия | Химия |
| 050720 | Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы | 4 | Химия | Химия |
| 050721 | Органикалық заттардың химиялық технологиясы | 4 | Химия | Химия |
| 050731 | Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі | 4 | Физика | Математика |
| | **Филология факультеті** | | | |
| 050117 | Қазақ тілі және әдебиеті | 4 | Қазақ әдебиеті | Қазақ тілі |
| 050118 | Орыс тілі және әдебиеті | 4 | Орыс әдебиеті | Орыс тілі |
| 050205 | Филология | 4 | Әдебиет | Ана тілі |
| 050207 | Аударма ісі | 4 | Шет тілі | Шет тілі |
| 050210 | Шет ел филологиясы: ағылшын тілі | 4 | Шет тілі | Шет тілі |
| | **Журналистика факультеті** | | | |
| 050504 | Журналистика | 4 | 1-ші шығармашылық емтихан | 2-ші шығармашылық емтихан |
| 050422 | Баспа ісі | 4 | Әдебиет | Әдебиет |
| | **Тарих факультеті** | | | |
| 050114 | Тарих | 4 | Дүниежүзі тарихы | Дүниежүзі тарихы |
| 050203 | Тарих | 4 | Дүниежүзі тарихы | Дүниежүзі тарихы |
| 050208 | Археология және этнология | 4 | Дүниежүзі тарихы | Қазақстан тарихы |
| 050419 | Мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау | 4 | Дүниежүзі тарихы | Қазақстан тарихы |
| | **География факультеті** | | | |
| 050609 | География | 4 | География | География |
| 050610 | Гидрометеорология | 4 | География | География |
| 050711 | Геодезия және картография | 4 | География | Математика |
| 050902 | Туризм | 4 | География | География |
| | **Философия және саясаттану факультеті** | | | |
| 050103 | Педогогика және психология | 4 | Биология | Биология |
| 050201 | Философия | 4 | Дүниежүзі тарихы | Дүние жүзі тарихы |

| Коды | Мамандық атауы | оқу мерзімі | 4-тест пәні | бейіндік пән |
|---|---|---|---|---|
| 050204 | Мәдениеттану | 4 | Дүниежүзі тарихы | Қазақстан тарихы |
| 050206 | Дінтану | 4 | Дүниежүзі тарихы | Дүниежүзі тарихы |
| 050501 | Әлеуметтану | 4 | Дүниежүзі тарихы | Қазақстан тарихы |
| 050502 | Политология | 4 | Дүниежүзі тарихы | Қазақстан тарихы |
| 050503 | Психология | 4 | Биология | Биология |
| 050905 | Әлеуметтік жұмыс | 4 | География | География |
| | **Экономика және бизнес факультеті** | | | |
| 050506 | Экономика | 4 | География | Математика |
| 050507 | Менеджмент | 4 | География | Математика |
| 050508 | Есеп және аудит | 4 | География | Математика |
| 050509 | Қаржы | 4 | География | Математика |
| 050510 | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 4 | География | Математика |
| 050511 | Маркетинг | 4 | География | Математика |
| 050115 | Экономика және құқық негіздері | 4 | Дүниежүзі тарихы | Дүниежүзі тарихы |
| | **Заң факультеті** | | | |
| 050301 | Құқықтану | 4 | Дүниежүзі тарихы | Дүниежүзі тарихы |
| | **Шығыстану факультеті** | | | |
| 050209 | Шығыстану | 4 | Шет тілі | Шет тілі |
| 050205 | Аймақтану | 4 | Шет тілі | Шет тілі |
| 050210 | Шетел филологиясы: қытай, жапон, араб, парсы, корей, түрік, үнді тілі | 4 | Шет тілі | Шет тілі |
| 050207 | Аударма ісі | 4 | Шет тілі | Шет тілі |
| | **Халықаралық қатынастар факультеті** | | | |
| 050505 | Аймақтану | 4 | Шет тілі | Шет тілі |
| 050202 | Халықаралық қатынастар | 4 | Шет тілі | Шет тілі |
| 050302 | Халықаралық құқық | 4 | Шет тілі | Шет тілі |

*б) Орта кәсіптік білім негізінде күндізгі оқу бөлімі*

| Коды | Мамандық атауы | Оқу мерзімі |
|---|---|---|
| | **Заң факультеті** | |
| 050301 | Құқықтану | 3 |
| | **Экономика және бизнес факультеті** | |
| 050508 | Есеп және аудит | 3 |
| 050509 | Қаржы | 3 |

## 2. а) Орта кәсіптік білім негізінде сырттай оқу бөлімі

| | | |
|---|---|---|
| | **Заң факультеті** | |
| 050301 | Құқықтану | 3 |
| | **Экономика және бизнес факультеті** | |
| 050508 | Есеп және аудит | 3 |
| 050509 | Қаржы | 3 |

*б) Екінші жоғары білім*

| | | |
|---|---|---|
| | **Заң факультеті** | |
| 050301 | Құқықтану | 2 |
| | **Экономика және бизнес факультеті** | |
| 050508 | Есеп және аудит | 2 |
| 050509 | Қаржы | 2 |
| | **Философия және саясаттану факультеті** | |
| 050103 | Педогогика және психология | 2 |
| 050201 | Философия | 2 |
| 050204 | Мәдениеттану | 2 |
| 050206 | Аймақтану | 2 |
| 050501 | Әлеуметтану | 2 |
| 050502 | Саясаттану | 2 |
| 050503 | Психология | 2 |
| 050905 | Әлеуметтік жұмыс | 2 |





# В 2008 году КазНУ им. аль-Фараби осуществляет прием граждан на следующие специальности высшего профессионального образования

## 1.Очная форма обучения

*а) на базе общего среднего образования*

| Код | Наименование специальности | Срок обучения | Предмет по выбору | Профильный предмет |
|---|---|---|---|---|
| | **Механико-математический факультет** | | | |
| 050601 | Математика | 4 | Физика | Математика |
| 050602 | Информатика | 4 | Физика | Математика |
| 050603 | Механика | 4 | Физика | Математика |
| 050703 | Информационные системы | 4 | Физика | Математика |
| 050705 | Математическое и компьютерное моделирование | 4 | Физика | Математика |
| | **Физический факультет** | | | |
| 050604 | Физика | 4 | Физика | Физика |
| 050605 | Ядерная физика | 4 | Физика | Физика |
| 050611 | Астрономия | 4 | Физика | Физика |
| | Материаловедение и технология новых материалов | 4 | Физика | Физика |
| 050723 | Техническая физика | 4 | Физика | Физика |
| 050732 | Стандартизация, метрология и сертификация | 4 | Физика | Математика |
| | **Биологический факультет** | | | |
| 050113 | Биология | 4 | Биология | Биология |
| 050108 | Физическая культура и спорт | 4 | 2-творческих экзамена | 1-й творческий экзамен |
| 050607 | Биология | 4 | Биология | Биология |
| 050608 | Экология | 4 | Биология | Биология |
| 050701 | Биотехнология | 4 | Биология | Биология |
| 050804 | Рыбное хозяйство | 4 | Биология | Биология |
| | **Химический факультет** | | | |
| 050112 | Химия | 4 | Химия | Химия |
| 050606 | Химия | 4 | Химия | Химия |
| 050720 | Химическая технология неорганических веществ | 4 | Химия | Химия |
| 050721 | Химическая технология органических веществ | 4 | Химия | Химия |
| 050731 | Безопасность жизнедеятельности и защита окружающей среды | 4 | Физика | Математика |
| | **Филологический факультет** | | | |
| 050117 | Казахский язык и литература | 4 | Казахская литература | Казахский язык |
| 050118 | Русский язык и литература | 4 | Русская литература | Русский язык |
| 050205 | Филология | 4 | Литература | Родной язык |
| 050207 | Переводческое дело | 4 | Иностранный язык | Иностранный язык |
| 050210 | Иностранная филология: английский язык | 4 | Иностранный язык | Иностранный язык |
| | **Факультет журналистики** | | | |
| 050504 | Журналистика | 4 | 2-творческих экзамена | 1-й творческий экзамен |
| 050422 | Издательское дело | 4 | Литература | Литература |
| | **Исторический факультет** | | | |
| 050114 | История | 4 | Всемирная история | Всемирная история |
| 050203 | История | 4 | Всемирная история | Всемирная история |
| 050208 | Археология и этнология | 4 | Всемирная история | История Казахстана |
| 050419 | Музейное дело и охрана памятников | 4 | Всемирная история | История Казахстана |
| | **Географический факультет** | | | |
| 050609 | География | 4 | География | География |
| 050610 | Гидрометеорология | 4 | География | География |
| 050711 | Геодезия и картография | 4 | География | Математика |
| 050902 | Туризм | 4 | География | География |
| | **Факультет философии и политологии** | | | |
| 050103 | Педагогика и психология | 4 | Биология | Биология |
| 050201 | Философия | 4 | Всемирная история | Всемирная история |
| 050204 | Культурология | 4 | Всемирная история | История Казахстана |
| 050206 | Религиоведение | 4 | Всемирная история | Всемирная история |
| 050501 | Социология | 4 | Всемирная история | История Казахстана |

| Код | Наименование специальности | Срок обучения | 4-ый тестируемый предмет | Профильный предмет |
|---|---|---|---|---|
| 050502 | Политология | 4 | Всемирная история | История Казахстана |
| 050503 | Психология | 4 | Биология | Биология |
| 050905 | Социальная работа | 4 | География | География |
| | **Факультет экономики и бизнеса** | | | |
| 050506 | Экономика | 4 | География | Математика |
| 050507 | Менеджмент | 4 | География | Математика |
| 050508 | Учет и аудит | 4 | География | Математика |
| 050509 | Финансы | 4 | География | Математика |
| 050510 | Государственное и местное управление | 4 | География | Математика |
| 050511 | Маркетинг | 4 | География | Математика |
| 050115 | Основы права и экономики | 4 | Всемирная история | Всемирная история |
| | **Юридический факультет** | | | |
| 050301 | Юриспруденция | 4 | Всемирная история | Всемирная история |
| | **Факультет востоковедения** | | | |
| 050209 | Востоковедение | 4 | Иностранный язык | Иностранный язык |
| 050505 | Регионоведение | 4 | Иностранный язык | Иностранный язык |
| 050210 | Иностранная филология: китайский, японский, арабский, персидский, корейский, турецкий, индийский языкпи | 4 | Иностранный язык | Иностранный язык |
| 050207 | Переводческое дело | 4 | Иностранный язык | Иностранный язык |
| | **Факультет международных отношений** | | | |
| 050505 | Регионоведение | 4 | Иностранный язык | Иностранный язык |
| 050202 | Международные отношения | 4 | Иностранный язык | Иностранный язык |
| 050302 | Международное право | 4 | Иностранный язык | Иностранный язык |









*б) на базе среднего профессионального образования*

| Код | Наименование специальностей | Срок обучения |
|---|---|---|
| | **Юридический факультет** | |
| 050301 | Юриспруденция | 3 |
| | **Факультет экономики и бизнеса** | |
| 050508 | Учет и аудит | 3 |
| 050509 | Финансы | 3 |

## 2. Заочная форма обучения

*а) на базе среднего профессионального образования*

| | | |
|---|---|---|
| | **Юридический факультет** | |
| 050301 | Юриспруденция | 3 |
| | **Факультет экономики и бизнеса** | |
| 050508 | Учет и аудит | 3 |
| 050509 | Финансы | 3 |

*б) на базе высшего профессионального (высшего) образования*

| | | |
|---|---|---|
| | **Юридический факультет** | |
| 050301 | Юриспруденция | 2 |
| | **Факультет экономики и бизнеса** | |
| 050508 | Учет и аудит | 2 |
| 050509 | Финансы | 2 |
| | **Факультет философии и политологии** | |
| 050103 | Педагогика и психология | 2 |
| 050201 | Философия | 2 |
| 050204 | Культурология | 2 |
| 050206 | Религиоведение | 2 |
| 050501 | Социология | 2 |
| 050502 | Политология | 2 |
| 050503 | Психология | 2 |
| 050905 | Социальная работа | 2 |
| 050505 | Регионоведение | 2 |
| 050202 | Международные отношения | 2 |
| 050302 | Международное право | 2 |

■ *Кафедра*

## ОТАНЫМНЫҢ ШАҢЫРАҒЫ – ҚАЗАҚ, ҰЛЫСТАР ӨЗГЕ – УЫҚТАР

**Қазақия бүгінде жүзден астам ұлысты өз шаңырағының астына жиып отыр. Әлемнің көптеген мемлекеттеріндегі мұндай жағдайдың кешегі отаршыл пиғылдағы алып елдердің ашқарақтығынан туғанына тарих куә. Бұл Адамзат әртектілігін қолдан жоюдың саясаткерлер ойлап тапқан тағы да бір тәсілінің жемісі. Иә, "Соғысты кәрілер бастайды, соғысатын жастар". Сондықтан 21 ғасырда ұлттық мемлекетті кездестіргенмен бір ұлтты мемелекетті кездестіру мүмкін емес.**

Әйтсе де діні мен ділі, тілі мен түсі әр қилы адамзат баласының бір отанда тұрғанымен, бір келісімге келіп бейбіт өмір сүріп жатқаны аз. Алысты жақын қылған, айнадай дүние әлемді көрсеткен жаһандану ғасырында түрлі топырақтан жаралғандар арасында түрлі кикілжіңдер өрістеп отырғанын байқау қиын емес. Сондықтан да, Қазақстан бұл тұрғыдан келгенде расында да үлгі тұтарлық. "Бірге тумақ бар бірге өлмек жоқ" дегендей шортан қарағай басын шалған заманда Адам атаның балалары тұрмақ, бір атадан тарағанның береке-бірлігін сақтау оңай емес. Бұл "Жуанның жіңішкергенін, жіңішкенің үзілетінін" сезе білетін серкелер мен халық даналығының арқасында ғана мүмкін болмақ. Ал "Атаның баласы емес, адамның баласы бол" деп өскен қазақ үшін өзге ұлттың жаттығы жоқ. "Адамзаттың бәрін сүй бауырым" деп халық сүйген Абай да ұлағат етіп кеткен. Әйтсе де "Сыйға - сый, сырағa – бал" деген тағы бар. Ендеше өзгелерге барын берген қазақ үшін барынан айырылып қалмау – үлкен мәселе. Осындайда тілге оралатыны тағы да – тіл. Қазақтың тілі. Біріншіден өзгені сүю өзінен басталатынын ұмытып кеткен қазақтың өзі секілді. Ұмытып кеткен жоқ-ау. Ұмыттырды ғой. Бірақ мамығынан айырған иесінің аяғын тауық қашанғы айналар екен? Айнала-айнала миы айналмай тұрғанда, ыстық пен суыққа төзіп, ептеп жол таба бастаған дұрыс-ау. Екіншіден, отқа салса мұқалмайтын қазақ тілінің көкке ұшайын десе қанатын қақтырмай, алмастай кесейін десе қынабынан шығармай отырған мәртебесіздік, жалған мәрттік.

Еліміздегі үш тілділік саясаты қостілді болып алған қазаққа қиындық туғызбайды. Ағылшын тілінің ауылы да алыс емес. Керек десеңіз қытай тілінің өзін де қысық көзділерден артық меңгере аламыз. Маңыздысы ортақ өгізден енші алып отырған өзге ұлыстардың оңаша бұзауым артық демегені. Ендеше, алда қабылданбақ Қазақстан Халықтары Ассамблеясы туралы занда өзге ұлыстардың ортақ Отанда алар орны ғана емес, қосар үлесі де бағамдалса екен.

P.S.

**Қазақты шаңыраққа, өзге ұлыстарды уыққа теңеп жатамыз. Шаңырақ – Күн, уықтары – күн шапағы емес пе? Күн қуатты болғанда, шапағы шуақты болады. Ашық аспан, бейбіт тірлік дегеніміз сол ғой.**

**Қырдың қызы**

■ *Көкейтесті*

*10 мамыр – қазақтың тұңғыш баспасөзі "Түркістан уәлаятының газеті" дүниеге келген күн. Елді төрт-ақ газетпен жаулап алуға болса, қазақ сахарасын бір газетпен басып ұстауды мақсат еткен патшалық Ресейдің басылымы еді. Бұратана атанған халықтың санасына бойлай енудің жолы еді, үкім жүргізудің үлгісі еді. Тоқты болып тон айналдырған қасқырдың әрекеті еді. Әйтсе де бұл қазақ тілінің алғаш мерзімді басылым бетін көргені.*

алаштықтар тыңға түрен салған болатын, ендігі 21 ғасырдың басында ұлт зиялыларына қазақ тілді БАҚ-ты дамытуда шыңға жол салу міндеті тұр. Екіншіден, "Баспасөзі күшті жұрт қаңа күшті болады". Аталған ойдың индустриялы заманда айтылғанын ескеріңіз. Не деген көрегендік. Ал бүгінгі постиндустриалды заманда, ақпарат ғасырында бұл тіптен ұлттың ұраны

# БАҚ, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?



Қазақ публицистикасы атты мұхиттың тамшыдайы тамған тарих парағы. Себебі ұлт ісінде ірілі ұсақты дүниенің болмайтыны рас қой. Сол қазақ жеріне егілген түйірдей ғана дән кейін өзінің жемісін берді. "Дала уәлаятының газеті" "Айқап", "Қазақ" басылымдары арқылы жалғасын тапты. Ахмет Байтұрсыновтың "Қазақ" газетінде келтірген деректеріне сүйенсек, 1909 жылғы санаққа қарағанда, Американдағы газет-журналдар 21435, Францияда 8940, Германияда 8000, Италияда 3100, Россияда 2058 болған екен. Біртуар перзентімізше айтсақ, ол кезде патшалық екі басылымды санамағанда "Айқап" қазақтың жар дегенде жалғызы деп есептелген. Бұл бұдан жүз жыл бұрынғы дерек. Кешегі алаштықтардың жан даусы шығып шырылдайтындай жөні бар. Себебі олар баспасөзі дамыған ел ғана өркениет керуеніне қосылатынын жақсы білген. Қазақ санын соғып қалмаса екен деп қызмет еткен. Алдымен ұлтты білім-ғылымға шақырған. Әдебиеті мен мәдениетіне мән берген. Сауаттылығын көтеруді алға қойған. Көзі ашылған жұрттың көкірегі ояу болатынын түсінген. "Дала уәлаятының газеті" мен "Айқап" басылымдарында әсіресе осы мақсат қолға алынған. Бәлкім бұл екеуі болмаса "Қазақ" газеті жалпыұлттық деңгейге көтеріле алмайтын еді. Сауаты ашылған жұртты енді саясаттан хабардар ету керек болды. Себебі ұлттың сағын сындырып жүрген де сол еді. Сондықтан Әлихан "Сайлау" деп бір жазды. "Мемлекеттік дума" деп бір емес сан жазды. Қазақ мүддесінің ескерусіз қалғанына езілді. "Қазақты" саясаттың құрбанына емес қазақ үшін саяси күрес құралына айналдыра білді. Газетті төртінші билік деген атқа лайық қылды.

Бір ғасыр артта қалды. Бүгінде қазақ еліндегі газет-журналдар саны да мыңнан асып жығылады. Бірақ Германия, Ұлыбритания әлі де алда. Экономикасы да, журналистикасы да. Сонда қайтпекпіз?

Біріншіден, 20 ғасыр басында болар ұғым екенін ұмытпайық. Үшіншіден, әлем ақпарат арқылы бірін-бірі жұтуға ұмтылып жатыр. Бүгінде материалдық игілікке емес, ақпарат көзіне иелік ету арқылы билік жүргізу жүзеге асып отыр. Ендеше БАҚ-тан айрылған күні тәуелсіздік тізгіні де қолымыздан сусып қалары сөзсіз. Мұны дамыған елдер жақсы біледі. Мысалы Балтық елдерінің бұқаралық ақпарат құралына ауыз салған Швеция өз еліндегі төртінші билікке өзінен басқаны жуытпайтын заң шығарған. Қытайда да солай.

Ал біздің БАҚ қайда барады?

**Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ**

■ *Алаштан қалған асыл сөз*

# Құрметті оқушылар!

**"Заманына қарай амалы" деген сөз бар. Мұның мағынасы – заманның түріне қарап іс істеу...Сол амалға кіруге жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі газет...**

Әуелі, газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ. Бүтін дүние жүзіндегі халықтар телеграмм, телефон, пошталардың арқасында бір-бірімен хабарласып, газет арқылы жұртқа жайып, бір үйдегі адамдардай сөйлесіп отыр. Дүниеде болып жатқан істер, сөйленіп жатқан сөздер – кімге пайдалы? Кімге зарарлы екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса, шаттанып, зарарлысынан сақтанып тұрады.

Екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады.

Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, парасаты жетілмекші.

Төртінші, газет – халықтың даушысы. "Жұртым" деп халықты арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады.

Халыққа газеттің осындай пайдалы қызметтері бар екендігін білген жұрттар газетті киетін киімі, ішетін тамағы, үстіндегі үйінен соңғы керек нәрсеге санайды. Газеттің пайдасын білімді, өнерлі халықтар көбірек біледі. Сондықтан неғұрлым білімді, өнерлі халық болса, соғұрлым газет-журналдары көп.

Дүниенің төріне қызыққандар төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр. Есікте қалмай, төрге тырмысалық, басқалар төрге қарай бара жатқандарына қарап, біз де солардың істегенін істейік. Басқалардың заманға қарай өтіп жатқан амалын көруімізге газет-журнал керек.

"Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар" – деген нақыл бар. Бұзуға құдіреті келетін сөздің түзетуге де құдіреті келеді. Сөз – қару, мұны бұзуға жұмсасақ, бұзады, түзеуге жұмсасақ, түзейді. Сөзін жұртты түзеуге жұмсай бастаған жұрттың өзі түзелуге бет алғанын көріп отырмыз.

**Ахмет Байтұрсынов,**
**"Қазақ" газеті, №1, 1913.**

■ *Юбилей*

# Кафедре физического воспитания и спорта – 60 лет

**А.И. Арещенко, А.А.Носков**

*В 1934 году в КазНУ была создана кафедра военных дисциплин и физической культуры, основой задачей которой стала военно-историческая подготовка студентов. В 1938 году университет становится одной из опорных баз только что созданного спортивного общества «Наука». Его создание активизировало не только физкультурную, но и спортивную работу. Свыше 300 спортсменов университета стали членами этого общества. Были введены ежегодные спартакиады по различным видам спорта. Среди высших учебных заведений Алматы коллектив университета всегда занимал призовые места, а в соревнованиях по спортивной гимнастике и легкой атлетике студенты университета являлись неизменными лидерами. Особую популярность среди студентов в те годы приобрели занятия альпинизмом.*



### ИЗ ИСТОРИИ КАФЕДРЫ И СПОРТИВНОГО КЛУБА КАЗНУ

***1934 год*** *– создана кафедра военно-физической подготовки.*
***1938 год*** *– университет становится опорной базой спортивного студенческого общества «Наука».*
***1948 год*** *– открыта самостоятельная кафедра физического воспитания; начало проведения межфакультетских спартакиад.*
***1950 год*** *– университет первым из вузов Республики Казахстан создал студенческий спортивный клуб.*
***1964 год*** *– на озере Иссык-Куль открыт спортивно-оздоровительный лагерь КазНУ.*
***1964 год*** *– КазНУ совместно с кафедрой физвоспитания Новосибирского университета выступил инициатором проведения универсиады среди университетов Сибири, Урала, Дальнего Востока, республик Средней Азии и Казахстана.*
***1968 год*** *– в КазГУ проведен 36-ой чемпионат СССР среди мужчин по шахматам.*
***1972-1990 годы*** *– женская баскетбольная команда «Университет» выступает в первенстве СССР среди команд высшей лиги.*
***1981 год*** *– на мехмате КазГУ проведен 40-й юбилейный чемпионат СССР среди женщин по шахматам.*
***1987 год*** *– сдан в эксплуатацию новый спортивный комплекс, который на сегодня является лучшей студенческой спортивной базой республики.*
***1998 год*** *– 50 лет кафедре физического воспитания; спортивно-массовые мероприятия, посвященные юбилейной дате.*
***2000 год*** *– 50 лет спортивному клубу университета; состоялся «Матч тысячелетия», выпускники XX века встречались с выпускниками XXI века.*
***2001 год*** *– состоялась первая универсиада РК по летним видам спорта.*
***2007 год*** *– участие спортсменов КазНУ в IV Универсиаде РК.*

В 1948 году в университете была образована общеуниверситетская кафедра физического воспитания и спорта, что явилось важным этапом в деле физического воспитания студентов, в росте их спортивного мастерства. А в 1950 году в связи с созданием в университете спортивного студенческого клуба – первого среди вузов Казахстана – сотни студентов стали активно заниматься спортом, добиваясь высоких результатов на международных и всесоюзных соревнованиях.

В 1950 г. 150 студентов университета в ответ на Стокгольмское воззвание в защиту мира совершили массовое восхождение на пик Комсомола в Заилийском Алатау. А в 1951 году одну из вершин Заилийского Алатау назвали пиком КазГУ. В 2004 г. в честь 70-летия университета большая группа студентов совершила восхождение на пик КазГУ (4 386 м).

С 1948 г. в университете действует самостоятельная кафедра физического воспитания. Тогда же было положено начало проведению межфакультетских спартакиад среди студентов и сотрудников университета.

Спортивной кафедрой КазНУ были подготовлены выдающиеся спортсмены, прославившие Казахстан на чемпионатах Азии, Европы, Чемпионатах мира, Олимпийских Играх.

В семидесятые и восьмидесятые годы прошлого века в период ректорства Умирбека Арислановича Джолдасбекова были введены обязательные занятия по физическому воспитанию для студентов 1-4 курсов, оживилась работа в секциях. Была открыта ДЮСШ «Университет», создана женская команда по баскетболу. Студенты КазГУ завоевывали медали в Олимпийских играх, Чемпионатах мира, Европы, СССР и Спартакиадах народов СССР. Это были наилучшие показатели среди вузов республики. Большое значение Джолдасбеков придавал активизации спортивной жизни в общежитиях университета, дальнейшему совершенствованию и строительству спортивной базы, спортивно-оздоровительному лагерю на озере Иссык-Куль.

С обретением независимости изменилось и отношение к спорту. Сегодня кафедра нацелена на подготовку элиты профессионалов высокого класса и выход на новые орбиты в подготовке специалистов.

В настоящее время 55 преподавателей, из них один профессор, 8 доцентов, 2 кандидата наук, старших преподавателей – 36, из них заслуженных тренеров Казахстана 5 человек, мастеров спорта международного класса и мастеров спорта 22, КМС – 18. Среди них ветераны кафедры, внесшие большой вклад в ее работу, – заведующий кафедрой, профессор, заслуженный тренер Казахстана Арещенко А.И., доценты, заслуженные тренеры Казахстана Носков А.А., Байкулбаев Б.С., доцент Баймбетов Т.Ш., старшие преподаватели Коваленко Л.Е., Косарева С.П., Саранина Н.И.

В 2003 году на летней Универсиаде вузов РК сборная команда КазНУ заняла первое место среди вузов, не имеющих факультетов физвоспитания. На Летней Универсиаде вузов РК в 2007 году университет занимает второе место среди 63 вузов страны, в том числе и со специализацией по физическому воспитанию.

Отметим, что на Олимпийских играх 2004 г. (Афины) приняли участие 7 студентов университета.

Сегодня в университете 12 мастеров спорта международного класса, 34 мастера спорта, 61 кандидат в мастера, 384 перворазрядника. В КазНУ 46 членов национальной сборной и 16 кандидатов в олимпийскую команду страны. Спортивный уровень и профессиональные компетенции у коллектива кафедры очень высоки. Здесь работают 3 Заслуженных тренера СССР, 15 Заслуженных тренера Республики Казахстан, 1 профессор, 12 доцентов и 5 кандидатов наук.



**P.S.**

*Накануне Национальный олимпийский комитет за высокие достижения в спорте вручил награды преподавателям КазНУ. Заведующий кафедрой физического воспитания и спорта А.И. Арещенко награжден «Золотым орденом» НОК РК. Звания «Почетный деятель спорта РК» удостоен проректор по научным вопросам А.И. Купчишин, старшие преподаватели С.П. Косарева, Л.Е. Коваленко, Н.И. Саранина. Звания «Заслуженный тренера РК» удостоен старший преподаватель, директор Спортклуба КазНУ Т.Н. Дуйсембаев.*

*Коллектив газеты "Қазақ университеті" от имени профессорско-преподавательского состава университета поздравляет педагогов кафедры физического воспитания и спорта, желает крепкого здоровья и успехов.*

■ *Дайджест*

# СМИ: майские будни КазНУ

Майские публикации в СМИ открывает интервью заведующей кафедрой маркетинга и коммерции, профессора А.Тулембаевой, посвященное 10-летию Астаны *(Кондакова М. Подарим сказку Астане.- **«Казахстанская правда», 1 мая 2008 г.**)*.

***«Казахстанская правда»*** опубликовала решение Экономического совета СНГ ***«О присуждении премий Содружества независимых государств 2007 за достижения в области качества продукции и услуг»***. Единственным дипломантом этой премии среди казахстанских предприятий назван Казахский национальный университета имени аль-Фараби ***(«КП», 17 мая 2008 г.).***

В газете ***«Егемен Қазақстан»*** опубликована статья ректора КазНУ Бахытжана Жумагулова и академика Болата Жубанова, посвященная предстоящему 75-летию мэтра казахстанской химической науки академика НАН РК и Инженерной академии Еренгаипа Маликовича Шайхутдинова *(«Тұғыры биік тұлға» - **«ЕҚ», 20 мая 2008 г.).***

Важным событием в научно-образовательной деятельности университета стал визит директора Центра технологий Университетского Колледжа в Лондоне (UCL) (Великобритания) профессора Стефа Симонса и его беседа о перспективах сотрудничества с ректором Б.Т. Жумагуловым. о этом сообщили в новостях ***ИА Казинформ*** и ***Казахского радио (21.05.08.).***

5 мая в университете с участием большого числа депутатов Мажилиса прошел «круглый стол» о внесении изменений и дополнений в законодательство РК по вопросам свободы вероисповедания и религиозных объединений, которое освещалось информационными агентствами ***Казинформ, Казахстан Тудей, Казахским радио***, телеканалами Хабар, ***Казахстан, Астана, КТК, Рахат***, газеты ***«Казахстанская правда» (6 мая 2008 г.)*** и ***«Айқын» (6 мая 2008 г.).***

В преддверии Дня Победы университет чествовал своих ветеранов войны и ветеранов ***(ИА Казинформ, Казахское радио – 07.05.08.)***.

Вышла в свет статья доцента факультета журналистики Косылгана Абжанова «Современные проблемы тележурналистики» ***(газ. «Айқын», 8 мая 2008 г.).***

В Институте Конфуция при КазНУ прошел отборочный тур международного конкурса «Мост китайского языка». ***(ИА Казинформ, Казахское радио – 14.05.08.)***.

Факультет журналистики провел «круглый стол» «Национальная идея Казахстана и СМИ: приоритеты будущего», о котором сообщили ***(ИА Казинформ, Казахское радио,*** телеканалы ***Хабар, Казахстан (14.05.08.).***

На филологическом факультете в рамках XI Международных Ахановских чтений прошла международная конференция «Полилингвизм: как язык – сознание – культура». ***(ИА Казинформ, Казахское радио – 15 05.08, газ. «Казахстанская правда» - 24.05.08).***

О встрече первого проректора КазНУ З.А. Мансурова с делегацией Немецкого научно-исследовательского сообщества (г. Бонн, Германия), впервые посетившей наш университет, сообщили в своих новостях ***ИА Казинфор и Казахское радио (16 05.08).***

16 мая на биологическом факультете университета состоялось очередное заседание секции гуманитарных и естественнонаучных специальностей Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования Министерства образования и науки Республики Казахстан. ***(ИА Казинформ, Казахское радио,*** телеканалы ***Мир, Алматы, КТК - 16. 05.08).***

19 мая Молодежное крыло «Жас Отан» НДП «Нур Отан» провело в университете студенческую конференцию «Студенты КазНУ — за труд, знания, доверие и процветание!» ***(ИА Казинформ, Казахское радио – 19. 05.08., «Президент және халық» -23.05.08, «Алматы ақшамы» - 24.05.08 ).***

Газета ***«Президент және Президент»*** опубликовала статью доцента кафедры трудового права и гражданских дел Сарсенгали Алдашева *«Мақсат – еңбек қатынастарын жетілдіру»* ***(16 мая 2008 г.).***

Телеканал «Казахстан» показал короткометражный документально-исторический фильм о КазНУ. ***(ТРК Казахстан, программа «Дәуір деректері», 23.05.08).***

Факультет философии и политологии и кафедра политологии КазНУ при поддержке акимата г. Алматы провели в рамках 9-х Мустафинских чтений Международный «круглый стол» «Актуальные проблемы казахстанской политологии», посвященный памяти доктора исторических наук, профессора Т. М. Мустафина (***ИА Казинформ, Казахское радио,*** телеканалы ***Хабар, Казахстан, Алматы – 23.05.08., «Казахстанская правда» - в очередном номере***).

**Обзор подготовлен пресс-службой КазНУ**

Университет тарихы

# "ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ" ГАЗЕТІ 60 ЖАСТА

***"Қазақ университеті" газеті – Қазақ Ұлттық университетіне тиесілі басылым. Өз қызметін жалғастырып келе жатқан студенттік көптаралымдықтардың ардагері. Газеттің ең басты мақсаты – университеттегі қызметкерлерді, оқытушылар мен студенттерді ғылыми, қоғамдық, мәдени жаңалықтармен, факультеттерде өткен шаралармен, жаңа оқулықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен, монографиялармен, сонымен қатар студенттің мамандық игерудегі және көркем шығармашылықтағы табыстарымен таныстыру***

Газет "За отличную учебу" атымен 1948 жылы сәуір айынан бастап шыға бастаған. Негізінен студенттерге арналып, ізденушілердің көмегімен жарық көрген басылым бүгінгі көптеген қаламгерлер үшін нағыз журналистиканың мектебі болды. 60 жылдық тарихында университеттік басылым дамыды, өзгерді, кемелденді. Бүгінде ол республика көлемінде тарайды. Газеттің республикалық мәртебесі редакциялық алқа мүшелеріне оқырмандармен тығыз байланыста болуға, газет материалдарының мазмұндық деңгейі мен көркемдік безендіруін көтеру міндетін алға қояды.

Газет басшылығының тізгінін ұстаған редакторлар санатында Ш.Р.Елеукенов, А.Ф.Мархабаев, С.К.Қозыбаев, Д.Ы.Ысқақов, М.Т.Мұқашева, К.Камзин, Қ.Сақ сынды білікті ұстаздар, жазушылар, қоғам қайраткерлері бар. Газеттің сыртқы беті 2007 жылдың наурызынан бастап түрлі-түсті болып жарық көруде. Жаңа беттер, айдарлар ашылуда.

(жалғасы келесі санда)

Өнеге

# ҰЛАҒАТТЫ КЕШ



***Жақында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология факультеті студенттеріне арналған тағылымы мол кеш өтті. Осы факультеттің қадірменді ұстазы, биология ғылымдарының докторы, профессор Жұбанова Ажар Ахметқызы қазақтың біртуар ұлы, ғалым, композитор Ахмет Жұбанов туралы деректі фильмді студенттер назарына ұсынды.***

Белгілі режиссер Халила Омаров бастаған топ түсірген фильмнің әсерлілігі соншa, зал толы жастар ұлағатты аға өмірінің жемісті жылдары мен небір қиын-қыстау кезеңдерінің әр сәтін қалт жібермей тамашалады. Ахмет Жұбановтың жүріп өткен жолы бүгінгі ұрпақ үшін өз ұлтын шын сүюдің айқын көрінісідей.

Биология факультетінің деканы Ә.Т.Қанаев мұндай жиындардың студенттеріміздің бойына отансүйгіштік сезімін сеуіп, елжанды азаматтар тәрбиелеудегі маңызын айтып, жиналғандар атынан ұлы ғалымның отбасына алғысын айтты.

**Балнұр НҰРМҰХАМБЕТОВА**

ҚазҰУ қызғалдағы

Фотоэтюд

***Көктем кеп сайратты ғой бақты бүгін,***
***жақын кеп***
***жанарымның жақшы нұрын,***
***жалғаннан,***
***жамандығы жатқан өршіп,***
***жан болып көрген жалғыз жақсылығым***

**Сабырхан АСАНОВ**



**Сандуғаш КАРТАЕВА,**
**халықаралық қатынастар**
**II курс**

МАМЫРЖАННЫҢ фотосы

ҚазҰУ қыраны



## ИСАХОВ ӘЛІБЕК ӘБДӘШІМҰЛЫ

**Туған жылы:**
2 мамыр, 1985 жылы
**Туған жері:**
Алматы қаласы
**Білімі:**
1992-1998 ж.ж. Алматы қаласы, № 141 қазақ орта мектебі.
1998-2003 ж.ж. Алматы қаласы, Қазақ-түрік лицейін үздік бітірген.
2003-2008 ж ж Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, механика-математика факультеті, математикалық және компьютерлік пішіндеу мамандығының 5-курс студенті.
**Жетістіктері:**
2002 ж. Алматы қаласында өткен қалалық математикалық олимпиаданың жеңімпазы.
2003 ж. Қазақстан Республикасы Кіші Ғылым Академиясының 30-шы Республикалық ғылыми тәжірибиелік конференциясының бірінші дәрежелі дипломының иесі.
2003-2008 ж.ж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да факультеттер арасындағы шахматтан өткен сайыстардың жүлдегері.
2003-2008 ж.ж. ҚР Президенті ұйымдастырған стипендиясының иесі.
2005 ж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ACM ICPC халықаралық программалаудан өткен олимпиаданың жеңімпазы.
2006 ж. «KazPay электрондық интернеттік төлеу жүйесі» тақырыбы бойынша Ұлттық Инновациялау Фонды ұйымдастырған проектінің өңдеушісі.
2008 ж. Қазақстан Республикасы бірінші Президентінің фонды ұйымдастырған жаратылыс, техникалық және гуманитарлық ғылымдар бойынша студенттер арсында өткен Республикалық конкурстың «Үш өлшемді Пуассон теңдеуін шешудің жаңа алгоритмі» тақырыбы бойынша бірінші дәрежелі дипломның иесі.
Қызмет тәжирибиесі:
2006 ж. Қазақстан Республикасы инженерлік Академиясында қызмет атқарды.
2006-2007 ж.ж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ математика Ғылыми зерттеу институты ұйымдастырған «Қазақстанға бейімделген Linux операциялық жүйесін өңдеу» тақырыбындағы басқосудың қатысушысы.
2007-2008 ж.ж. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ математика Ғылыми зерттеу институты ұйымдастырған «LES үлкен құйын әдісі негізінде өңделген турбуленттік ағыстың сандық есептеу әдістерінің математикалық моделі» тақырыбындағы жиынның қатысушысы.
**Отбасылық жағдайы:**
үйленбеген
**Қызығушылығы:**
кітап оқу, шахмат, ғылыммен шұғылдану
**Алдағы жоспар:**
ұлт мүддесіне қызмет ету,
ғылымға үлкен үлес қосу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
Б.Т.ЖҰМАҒҰЛОВ – *ректор;*
Н.ОМАШҰЛЫ – *проректор;*
Б.Ө.ЖАҚЫП – *декан;*
М.Т.МҰҚАШЕВА – *"Парасат" кәсіподағының төрайымы;*
Е.Н.СИДОРЕНКО – *ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы*
Ғ.СЕРІМ – *студенттердің "Сұңқар" кәсіподағының төрағасы.*

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
*Бас редактор* – Дәрмен СМАЙЫЛ;
*Жауапты хатшы* – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;
*Бөлім меңгерушілері* – Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ, Уәли ҚЫДЫРОВ;
*Кезекші редактор* – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА, Жанат ҚАСЫМБЕКОВА
*Көркемдеуші-беттеуші* – Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;
*Фототілші* – МАМЫРЖАН;

МЕКЕН-ЖАЙЫ:
480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

*Газет редакцияның компьютер орталығында терілін, беттелді. "Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.*

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
Тапсырыс 546

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.